

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы



Алдыналу және ағарту жұмыстары
Әдістеме: «Түрлі түсті доптар»

Топтың аты: 4- жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама №43

Зерттеуші топ: 4- жас тобы

Зерттеу уақыты: 14.03.2023

Әдістеме: «Түрлі түсті доптар» ойыны

Мақсаты:

Балаларды түстерді ажыратып атай білуге дағдыландыру. Геометриялық пішіндерді ажыратып айту. Көру, есте сақтау, ойлау қабілетін тілін дамыту. Үлкен-кіші ұғымын бекіту.

Нұсқауы:

Қарандаршы балалар бізге Қуыршақ қонаққа келіпті. Өзімен бірге түрлі-түсті, әр түрлі көлемдегі доптар ала келіпті. Қуыршақ Айнұр кел төрлет. Қарандаршы оның себетінде бірнеше доп бар екен. Олардың көлеміде әр түрлі екен. –Балалар мына доптың түсі қандай? –Көк. –Ал мына доптың түсі қандай? –Қызыл. Қызыл доптың көлемі, көк допқа қарағанда қандай? –Қызыл доп үлкен. Дұрыс айтасындар. Ал мына доптың түсі қандай? –Сары. Доптың пішіні неге ұқсайды? –Домалаққа, дөнгелекке. Доптарды домалатсақ домалайды екен. Геометриялық пішінді көрсету. «Ұқсасын тап» ойыны. Геометриялық пішінің түсіне сай допты әкеліп қою. Түсіне қарай допты топтастыру. Енді кім Айнұр қуыршаққа арнап тақпақ айтады. Біздерде бар қуыршақ.

Бұзау қозы құлыншақ.

Қуыршақтар ойнайды. 63.

Емес олар ұрыншақ.

Домала, доп домала,

Балшыққа тек жолама.

Жек көремін оныңды,

Бүлдіресің қолыңды. Балалар қуыршаққа тақпақтарын айтып береді. Қуыршақ. Қандай жақсы балалар мен туралы тақпақта айтады. Менімен ойын ойнайсындар ма? Менде мынадай екі себетім бар. Мына себетке үлкен допты, мына себетке кішкентай допты салуларың керек. Ойынды өте жақсы ойнай білдіңдер. Рахмет деп қоштасады. Қуыршақпен қоштасу.

Қорытындысы:

4-5жас тобы «Түрлі түсті доптар»тренингін қызыға ойнады.Барлық балалар ойынға жақсы араласып,белсенділік танытып отырды.Ойын барысында балалар бір-біріне жағымды сөздер айтып доп арқылы білдірді.

Зерттеуші:Педагог-психолог: : Елшибекова.А.О